

АҚМЕШТ

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.



Мағжан

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті


№ 41 (474)

13 қазан, 2022 жыл

БӨРЕКЕЛДІ

КӨСІБІ МЕРЕКЕ

ОБЛЫС ӘКІМІ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА



«Топ пресс» ақпараттық порталында аймақтар дамуының белгілі бір критерийлерге сай болуына қарай әкімдер жұмысы бағаланып, тамыз-қыркүйек айларындағы топ-5 рейтингі жарияланды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев үздік бестіктің ішінде төртінші орынға жайғасты.

Шілде айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында жергілікті атқарушы органдар жұмысының жаңа бағыты айқындалды. Президенттің облыс әкімдеріне айта қаны өте әділ әрі қысқынды болды. Себебі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің тұтас кешені бойынша тұрғындардың өтініші мен ұсыныстарының сипаты облыс басшылығына арнайы жолданып отырған.

Үздік бес өңір басшылары рейтингін Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев бастап тұр. Қостанай облысының әкімі, тәжірибелі қайраткер Архимед Мұхамбетов тағы да екінші орында. Ақмола облысының әкімі Еркем Маржықпаев рейтингтегі үшінші орынды сақтап қалса, өткен айларда өңірде орын алған бірқатар жағымды жаңалықтар Қарағанды облысының әкімі Жаніс Қасымбектің үздік бестікті қорытындылауына мүмкіндік берген.

Сыр өңірінің үздік бестіктен түспеуінің сыры неде? Саралшы мамандар өңірдегі ауыл шаруашылығы саласының дамуын, жаңа мектептердің, сондай-ақ спорт және балалар алаңдарының көптеп салынуын жоғары бағалап отыр. Сонымен қатар өңір басшысы облыс орталығында жаңа электр станциясын салуға инвестиция тапты. «Өнер сарайы» мен «Неке сарайының» салынуы да облыс басшысының бастамасымен іске асырылуда.

Шілде айында қызылордалықтарға 250 жаңа пәтердің кілті табысталғаны Нұрлыбек Нәлібаевтың облыс

тұрғындары арасындағы рейтингіне оң әсер еткені сөзсіз. Саралшылар әкімнің Қызылордада жаңа ЖЭО салу туралы шартқа қол қоюын да жоғары бағалайды. 215 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінетін жылу электр орталығын түрік компаниясы салады. Өңірде автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары да белсенді жүргізілуде. Биыл 347 шақырым жол жөндеу жұмысы және қанағаттанарлық жағдайдағы республикалық маңызы бар автожолдардың көрсеткіші 82%-ға жеткізіліп тиіс.

Айта кетейік, Сыр өңірі жалақы деңгейінің өсуі бойынша көшбасшылар қатарында – 31,3 процентке артты. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылмен салыстырғанда екінші жартыжылдықта көрсеткіш 24%-ға өскен. Биыл мектеп түлектеріне облыс әкімінің 100 білім гранты бөлінді. Тамыз айында әкімді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жеке қабылдап, облыстың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді тапсырған еді.

Дина БӨКЕБАЙ

ОРМАНШЫ БОЛУ ОҢАЙ ЕМЕС

«Барсакөлмес» қорығында орналасқан сексеуілді орманды алқаптың көлемі жыл сайын ұлғайып келеді. Өңірде аса маңызды саналатын бұл аумақты орманшылар мен мемлекеттік инспекторлар сәт сайын бақылап, күндіз-түні қорғауда. Осы орайда «Барсакөлмес» мемлекеттік табиғи қорығы» РММ директоры Хамит Мәмбетқалиұлымен тілдескен едік.

– Хамит Мәмбетқалиұлы, «Барсакөлмес» қорығының экологиялық апат аймағында орналасқан жалғыз

2020 жылғы Үкімет қаулысына сәйкес қорық көлемі Сырдария өзенінің Кіші Арал теңізіне құяр сағасындағы «Дельта» учаскесін қосу арқылы ұлғайды. Қазір жалпы аумағы 163 126 гектарды құрайды. Сырдария өзенінің құяр сағасы Қазақстанның сулы-батпақты өңірлерінің ішінде маңызы бойынша төртінші орында және ол биореклігімен ерекшеленеді. 2012 жылғы Кіші Арал теңізі мен Сырдария өзенінің құяр сағасы Халықаралық Рамсар конвенциясымен қорғалатын сулы-батпақты өңірлер тізіміне енгені белгісіздер.

Бүгінде «Барсакөлмес» 3 кластерлік учаскеден тұрады. Қорықтың бұрынғы аумағы мен теңіздің келген табаны «Барсакөлмес» учаскесіне кіреді. Екіншісі – «Қасқақұл» учаскесі. Бұл жер құлдардың көзірі кездегі мекен ету орны және теңіздің келген табанында өсіп шыққан табиғи сексеуіл тоғайларының үлкен массиві болып табылады.

Үшінші аймақ «Дельта» учаскесі Сырдария өзенінің Кіші Арал теңізіне құяр сағасында орналасқан. – Қорықтағы өрбір табиғи байлық көзді қарашығындай қорғауда. Орманды алқап қанша аумақты қамтиды? Аралдың тартылуы, жалпы экологиялық жағдай өсімдіктер флорасына қалай әсер етуде?

– Қорық аумағындағы сексеуіл ормандары 56 мың гектарды алып жатыр. Қорықтың флорасы 325 түр жоғарғы өсімдіктерден, оның ішінде 16 эндемик және 5 түр Қазақстанның Қызыл кітабына енген түрлерден тұрады. Мысалы, Борщовтың әсем қызғалдақтары, Қандым бұтапары, сексеуілдің қапың шоқтары және дала шөлдеріне жататын: бүйырғын, жусан, адыраспан, раугаш, итсигек, сексеуіл секілді сортаң түрлері кеп.

– Арал теңізімен қоса «Барсакөлмес» де әлем назарында өскен рас. Осы орайда қандай халықаралық бағдарламалар бойынша жұмыс жүріп жатыр?

– Қазір қорықтың ғылым, ақпарат, мониторинг және экологиялық ағарту бөлімі бес тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Қорық міндеттерінің бірі – жаңадан қорғалатын аумақтарды ғылыми игеру және бұрынғы

кезеңдердегі бақылаудың базалық мәліметтеріне негізделген мониторингтік зерттеу жүргізу. Қорық жыл өткен сайын Арал теңізімен бірге өзгереді, бірақ ол тартылып бара жатқан теңіздің табиғи жаулап тасы болып қала береді. Бүгінде «Барсакөлмес» қорығы еліміздің алдыңғы қатарлы ерекше қорғалатын аумақтарының бірі саналады. Өз қызметі барысында көптеген отандық және халықаралық ғылым уйымдармен – БҰҰДБ, Халықаралық Аралды құтқару қоры, Жапон Елшілігінің «Шөптер тамыры» бағдарламасы, ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасы, Қазақстан биоаулантүрлілігін сақтау ассоциациясымен етене жұмыс істеп келеді.

– Алда орманшылардың кәсіби мерекесі. Мекемеді мамандарға қандай жауапкершілік күтсеңдер?

– Жылдың қай мезгілінде де табиғатқа жақын орманшыларға артылар сенім мен жауапкершілік жүгі үлкен. Олар орманды жаңарту, сақтау, қорғау, орманды құту шарасымен қоса әр түр сексеуілдің жағдайын бақылап, зиянкестермен күреседі. Кейде сексеуіл өсімдігінде қандай да бір өсімдік аурулары пайда болса, қорыққа ғылыми институттардан арнайы мамандар шақырылып, кеңес өткізіледі.

– Биыл өліміз бойынша орман өрті жиі қайталанды. Қорықта осындай қауіпті сәттер орын алды ма? Табиғи апаттың алдын алу үшін қандай шаралар қарастырылған?

– Бір қуантарлығы, осы жылы ешқандай да өрт жағдайы тіркелген жоқ. Бірақ сексеуілді орманды аймақ өрт қауіптілігі жоғары орын саналады. Себебі біздің аумақтың табиғатында жаз өте ыстық және бұл уақыт ұзақ созылады. Сондықтан өрт қауіптілігінің жоғары кезеңі деп сәуір мен қазан айы аралығын есептейміз және жағдайды барынша қатаң бақылауда ұстаймыз. Биыл орман өртінің орын алмауы орманшылар мен мемлекеттік инспекторлардың бірігіп де тынымсыз еңбегінің нәтижесі деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен Гүлдана ЖҰМАДИН



қорық өкенин білеміз. Қазір қорықтың территориялық құрылымы мен кластерлік сипатында өзгерістер бар ма? – Иә, ол – Еуразиядағы қоңырқай белдеудің сол түстік және орта нағыз шөлдерінің экожүйелерін қорғайтын бірден-бір және жаһандық масштабтағы экологиялық апат аймағында орналасқан қорық.

Досбол ҚОҢЫРТАЙ, механик:

– Досбол, қызметіңе жүгінушілер аз емес. Механик болу үшін талант пен білімің таразыласаң. Қайсысының жағт басым? – Біріншіден, адам бойында талант болса жерде қалмайды. Талант қызығушылыққа итермелейді. Содан кейін қызығушылыққа байланысты білімің ұмтыламыз. Механик болу үшін алдымен қабілет болу керек. Оқу орнында теориялық біліміңмен бірден маман болып кетті деген өмірлік тәжірибеде кездестіргенім жоқ. Менде жұрт секілді мектепті бітіріп, «Болашақ» университетіне оқуға түсіп, 4 жыл білім алдым. Бітірген соң кәлік жөндеу орталықтарында тәжірибе жинақтадым. Көзбен көріп, қолмен жұмыс істеп үйренбесең теориялық біліміңмен мықты маман болу некен саяқ.

– Автоэлектрик үшін көліктің ақауын анықтау қаншалықты қиын? – Біздің сала да медицинаның терминімен жүреді. Медицина секілді ақауы шыққан көлікке диагноз қоямыз. Соған сай жөндеу жұмысын жүргіземіз. Көлік келгенде ең алдымен көз жобамен немесе дыбыс арқылы ақауын анықтауға тырысамыз. Егер күрделі болса, компьютерлік диагностика жасалады.

Кейде ғаламтордың көмегіне жүгініп, ақауды жөндеуге тырысамыз. – Түрлі көлікті жөндеуден өткіздіңіз. Электр жағынан ең осал көліктер қай маркаларға тиесілі? – Ресейден шығатын Ваз автокөліктері, оның ішінде ладаның электр бөлшектері осал келеді. Сондай-ақ бұл тізімге Өзбекстан өндіретін Nexia маркасын да қосуға болады. Көп жағдайда электр бөлшектерінен ақау шығып, өртке орнатындар да аталған көліктер. – Қызметіңізді қаншаға бағалайсыз? – Ең арзан қызметтен бастасам. Құны – 2 мың теңге. Бұл баға фәлқын шамдарын ауыстыру іреді. Ал қалғанды толық электр бөлшегін тексерістен өткізіп, күрделі жөндеуді қажет етсе 30 мың теңгеге дейін барады. – 18 қазанда механиктер сайысына қатысуға бел буыңыз. Сала бойынша алғашқы жарысыңыз ба? – Қалалық «Жастар ресурстық орталығының» қызметкерлері байланысқа шығып, жарыста бақ сынап көруге ұсыныс айтты. Шешімді қабылдау оңай болмады. Өйткені бұрын-соңды жарыстарға қатысып көргенім жоқ. Бас тартқым да келді. Бірақ өз

саламызды неге көтермеске деген ой келіп, қатысуға бел будым. Себебі қазір престижді салаларға, «модный» мамандықтарға гана таңдау жасап, жылы кабинетте, жұмсақ креслода отыруды ойлайтын қатарластарым көбейді. Жарыста жеңімпаз болмасам да, қоғамға механиктердің маңызы зор екенін, «Еңкейгенді еңбек көтергенін» білдіремін. – Сәттілік серігіңіз болсын! – Рақмет.

Өңгімелескен Ерасыл ШӘРІБЕК

Жыл сайын қала әкімінің жастарға берілетін «Самғау» сыйлығының форматы биыл өзгеше. Өр саланың білікті жастары алдымен сайысқа түседі. Әз саласын жетік менгеріп, сайыста жеңімпаз атанған жұлдігер атанады. Биыл қатысушылар қатарында қызметі көзге көрінбейтін механиктер де болады. Бәсі биік күлдеге үмітті механиктер бірі – Досбол Қоңыртай. Досболдың негізгі қызметі – автоэлектрик. Суранысқа е маманмен таныстық.

ЖАҚЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАПСЫРЫС БЕРУІМЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФИЛЬМДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ҮШІН БЮДЖЕТТІҢ 67 МИЛЛИОН ТЕНГЕ ҚАРЖЫ БӨЛІНЕТІНІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖАРИЯЛАНҒАН БОЛАТЫН. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФИЛЬМДЕР ҚАЗАҚТАР ҮШІН ТҮСІРІМ ЕМЕ? НЕГЕ БІЗДІҢ КИНОЛАРДЫҢ ТІЛІ БІЛІКТЕГІЛЕР СЕКІЛІ ҚАЗАҚШАҒА КЕЛГЕНДЕ КҮРМЕЛІП ҚАЛАДЫ? ОРЫСША ТІЛ, ҚАЗАҚША СУБТИТР ҚАНШАЛЫҚ СУРАНЫСТА? Осы



Мемлекеттік тілдің түрлі саласындағы орны айта-айта жауыр қылғанымен, әлі күнге дейін бір жауабын таппаған маңызды мәселенің бірі. Аталған дерт қоғам өмірі мен күнделікті коммуникацияға ғана емес, өнерде де өзектілігін жоғайтп емес.

сауалдардың жауабын табамыз ба, таппаймыз ба, бірге зерделеп көрелік. Алдымен әңгіме мемлекет тарапынан бөлініп, қазақ фильмдерін «қазақшалау» үшін көкке ұшып жатқан қаражат туралы болмақ. Иә, аталған ақпарат жалған емес. Елімізде түсірілген түрлі жанрды қамтитын отбасымен күруге арналған 10 фильм 67 млн 459 821 теңгеге қазақ

тіліне аударылғалы жатыр. Тапсырыс беруші – Мәдениет және спорт министрлігі екен. Олар бұл қаржыны кинотеатрлар және оқпалы кинотеатрларда көрсетілетін фильмдерді қазақ тіліне аударуға қарастырып отыр. Соның ішінде көркем, деректі және анимациялық фильмдер қазақ тіліне аударылатын болады. Әрі киноларды қазақ тілінде сөйлетінін дыбыстаушы мамандар қазақстандық продюсерлердің жарыққа шықпаған, жаңа туындыларына да тапсырыс алады деп күтуге болады. Әріне, қазақстандық туындыларды қазақ тіліне аудару – парадокс! Әрі күлкілі, әрі ашуынды келтіреді. Осы уақытқа дейін қабылданған заңдар мен айтылған, айтылып жүрген сындарды естір құлақ көрер көз болмағаны ма сонда? Мәселеге басқа қырынан қарайық. Кинотуындылардың тілі жабаның жарыққа шығатын тұрғын кездете қаражатынан қаралуы тиіс. Бұл туралы өнер ғылымдарының докторы Молдияр Ерғөбеков өзінің әлеуметтік желідегі пайдалануында «Қазақстанда түсірілген фильмдерді Қазақ тіліне аудару үшін 67,4 млн теңге бөлінеті! Бұл негізінде түсірілетін фильмнің бюджетінен орын алуы тиіс қаржы. Яғни фильмді түсіретін компания, фильмнің Қазақ тілінде (де) сөйленуі жауапты болуы керек!», – деп пікір білдірді. Байқайсыз ба, қазақстандық кинотеатрлардың өзі қазақ тіліндегі фильмдерді аз ұсынады. Көбіне орыс тілінде түсірілген киноларды қазақша субтитрмен күруге мәжбүрміз және бұл кино маркетингі мен нарығы үшін таңқаларлық дүние емес. Себебі қазақстандықтар орыс тілінде кино көруге құштар. Ал оның бірден бір себебі: қазақ тілінде сапалы контенттің

жоқтығы, аздығы. Алайда неге Қазақстан азаматы өз елінде өмір сүріп, елінің болашағы үшін белгілі бір салада қызмет етіп, жаңа буын – кішкентай «қазақты» тәрбиелей тұра кинотеатрлардағы фильмдерді өзінің ана тілінде емес, орыс тілінде көруге мәжбүр болуы керек? Тағы бір мәселе. Елімізде кинотеатр мәдениетін қалыптастырып, прокатты жолға қою үшін алдымен кинотеатрлардың саны, одан кейін ондағы көрермендердің талғамы назарға алынуы тиіс. Ал бізде кинотеатрлар тек ірі мегаполистерде ғана орналасқан, елді мекендерде, шағын аудандарда кинотеатр да, кино клуб та атымен жоқ. Қазақтілді аудиторияға жағдай жасалмаған. Айтпағымыз – кинотеатрлардағы қазақ фильмдердің ең болмаса 50 проценті қазақ тілінде көрсетілуі қажет. Неге көрермен қазақ тіліндегі киноны көргісі келмейді? Себебі қазақ киноларының өзінде қазақ тілі жоқ. Шұбарланған айтқан екі сөзінің бірінің мағынасы түсініксіз, жаны қазақшаланбаған тіл бар біздің фильмдерде. «Неге біз әлі күнге дейін «Қыз Жібекті» көреміз? Неге әлі күнге дейін «Менің атым – Қожамен» мақтанамыз? Жарыққа шыққанына 50 жыл өтсе де, көрерменді жалықтырмайтындай не сияқты бар олардың? Меніңше, бұл фильмде қазақтың рухы бар және қазақтың құдіреті тілі бар. Мейлі, кино тілі болмай-ақ қойсын. Бастысы қазақтың тілі бар. Мынаны қараңыз – Қан кешу қасап заманда қайғыны жеңген бар ма екен?! Қолынан өлмей душпанның, қартайып өлген бар ма екен?! Қымбаты атанының қасында сөнген бар ма екен?! Ажалы жеткен ардағын арлап келген бар ма екен?! Жетім қалған баланы, жесір қалған ананы, Қан соқпа болған даланы ойлаған адам бар ма екен?! Әлемдік кино тарихында дәл осылай құрылып түскен адуынды монголлар бар ма? Иіне, қазақтың тілі! Маған киноның тілі емес,

осы тіл керек. Бәрімізге осы тіл керек. Сондықтан да біз әлі күнге «Қыз Жібек» десе ішкен асымызда жерге қоюға берміз» – дейді Жібек Сауданбекұлы. Қазақтардың қазақша контентке шөлдегенін мойындау керек. Оның бір ғана дәлелі – «Хабар» арнасының тапсырысымен түсіріліп, әр сериясы миллиондап қаралым жинап келе жатқан «Келінжан» тележақсысы. Тіпті, 25 сериядан тұратын алғашқы маусымды аяқталғанынан кейін екінші, үшінші, көптің құрамына орай төртінші маусым да түсірілген болатын. Қазіргі таңда көрермен бесінші маусымның да түсірілгенін қалайтындарын, әр серияны асық күтініріяң жырғаса жазауда. Сертиралдың құдіреті неде? Шынығы, шұбарланбаған қазақша тілінде. Сертиралды продюсері, сценаристі, «Жыл патриоты» атанған Гүлнұр Мамасарипова: «Ұлттық идеология тегі тілге, мәдениетке, салт-дәстүрге ғана байланысты дүние емес. Сол ұлттық мемлекетке зиянын тигізбейтін көрінісі барі де идеологияның көрінісі сынды. Яғни оны жасаушы – біз бен өзін, әрқайсысымыз. Әр адам өзінің сүйікті ісімен айналысып, өз саласын дамыта аласа, идеология жұмыс істеп жатыр деген сөз. Өзім әр жобаны бастар кезде «Бұл туындымен қазаққа, өзімнің ұрпағымға не бере аламын? Қазақ екенін өзіне түсіріп, жаңын қозғай аламын ба» деп ойлаймын. Сондықтан алдымнан өткен жобалардың барлығы шартты түрде қазақ тілінде түсіріледі», – дейді. Ойлап қарасақ, қазір адамдардың көрерменнің назарына «сауда» жүріп жатыр. Кім өз көрерменін табады, кім көрерменін тақпады – қаржы да, идеологиялық мықты қару да солның қолында. Ал өзіміздің өнімді қазақтан басқа кім қолдайды? Өз қолдаушысын тапқысы келетін кино мамандары көрерменнің талғамы мен талабын да ескере жүрсе екен. Битпесе, ала талап алып жеті миллионның аудармасы күтіп тұр...

Дина БӨКЕБАЙ

«ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ» ҚАҢША ТҰРАДЫ?

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙМЫН

Соңғы жылдары Қазақстанда да өмірді сақтандыру нарығы қарқынды даму үстінде. Елде өмірді сақтандырумен айналысатын, кепілдендірген 9 компания бар. Дегенмен мәдениет қалыптасып дей алмаймыз. Мұның сыры неде? Бізде «сақтандыруға» сенім жоқ па? Өмірді сақтандыру қаншалықты, кімдерге тиімді? Артықшылығы бар ма? Осы сұрақтар төңірегінде сөз қозғайтын боламыз. Қаржы нарығын реттеу және дамуы агенттігі ұсынған статистикаға сүйенсек, осы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша қолданыстағы өмірді сақтандыру шарттарының саны



төрт негізгі бағыт бойынша жұмыс істейді: олар – өмірді сақтандыру, аннуитеттік сақтандыру, ауыраған жағдайда сақтандыру және жазатайым өкірілген сақтандыру. Әсіресе, өмірді сақтандыру мен зейнетке аннуитетті жоғары сұранысқа ие екені жасырын емес. «Мәселен, бір азаматтың баласы дүниеге келді делік. Азамат баласы кәметел жасақ толғанға дейін оның біліміне ақша жинағысы келеді. Ол өмірді сақтандыру компаниясына жыл сайын жарна төлеуді және бала 18-ге толғанда оның шотында білім алуына қажетті сома жинақталады. Бұл ретте бала 18-ге толғанға дейін азаматтың өмірі сақтандырылған: күтпеген жағдай (өлім, еңбекке жарамсыздық) орын алса өмірді сақтандыру компаниясы жинақталған соманы шартта көрсетілген күні төлеп береді», – дейді Сақтандыру нарығы және актуарлық есептеулер департаменті директорының орынбасары Әсел Әмірбаева. Оның айтуынша, бұл сақтандырудың бір ғана қарапайым мысалы. Сан түрлі себеппен сақтандыруға қаржы құятындар қатары артып келеді. Сақтандыру сыйымсыздың ішкері соңғы бес жылда ең көпте жуық өскен. Ал арнайы компанияның бірін таңдап, келісімшарт бойынша сақтандыруға қаржы салып отыру – депозитте ақша жинаудың жаңа, тиімді тәсілі.

СЕБЕП КӨП

Иә, «өмірді сақтандыру» мәдениеті қалыптаспаған қоғамда бұл сұрақтың туындауы өрбиді. Оныңмен де өмірді қандай жағдайлардан сақтандырамыз, неден сақтанамыз? Сақтандыру әр компанияда әртүрлі жүйеде жасалғанымен, мақсат біреу: адамның игілігі үшін қаржылық жинақ жүргізу. Мәселен, біреулер зейнетке шыққаннан кейінгі өмірін саяхатқа арнап, материалдық қысымсыз өткізу мақсатында сақтандыруға қаржы құяды. Денсаулыққа көз келген уақытта зарқым келуі мүмкін футболистердің өмірі де өзі тіркелген клубтың есебінен сақтандырылады. Кейде жас маман, жақсы кадрларды жіберіп алмау үшін компаниялар «сақтандыру» арқылы алып қалуға тырысады. Кейбіреулер баласының болашағы үшін ақша жинайды. Енді бірі мұрагеріне сыйлық ретінде беру үшін жинақ ашады. Жалпы, байқағанымыздай, сақтандыруда жинақ ашуын себебі сан түрлі. – Жұбайым екеуіміз «Халық Life» компаниясында сақтандыру жинағын ашсақ деп ойлайын жүрміз. Алғашында сенбей, зерттеп қарап жүрдік. Алайда шарттарымен толық таныссақ, депозиттен немесе басқа да ақша жинау жүйелерінен бірнеше есе тиімді. Ең бастысы компанияға мемлекет тарапынан кепілдік бар. Біздің мақсатымыз – отбасымызға он жылдан кейін үйді жаңартуға немесе басқа қалаға көшуге жағдай жасау үшін қазірден қаржы жинау. Құдайға шүкір, 2 баламыз бар. Мұнда ең кем дегенде 5 жылдан кейін жинаған қаржыны алуға болады екен. Ал біз тұра он жыл салып, өзіміз жоспарлаған көлемдегі қаржыны қолмызға аламыз. Меніңше, сақтандыру компанияларының насихат жұмысы дұрыс емес сияқты. Себебі көзді қаржылық операцияларда алаяқтық көбейген», – дейді қала тұрғыны Азат Рахманұлы.

СЕНІМ АЗ

Сақтандыру компаниясының тиімділігі көп екенін атап өттік. Онда неге біздің ел «сақтандыру» десе үрке қарады? Ең алдымен мұндағы жағдайдың сенім аз секілді. Ал сенім болмаса, өштеңе де жүзеге аспайтын секілді. Аға буынның бірнеше тарихи кезеңдерді өткерген болмысында нарықпен бірге келген тың жаңалықтарға сенімсіздік, үрей басым. Шекарадан шыға алмайтын мимымыз өмірді сақтандыру арқылы келешектегі игі істерге

Адам өмірінің әр кезеңін уақыт өлшемінде орай болжай алмайды. Өзінің жоспарлай алмайды. Үш жылдығын ойламаған еркеткен, үш күндігін ойламаған әйелден без» дейді қазақ. Кей мемлекеттерде кәсіптен тұрғанымен, ертеңгі ойлайтын елдерде «өмірді сақтандыру» мәдениеті қалыптасып үлгерген.



Аделина МОДЕЛХАН

Кез келген жеңістің жеңіл жолмен келмейтіні белгілі. Қай саланы алып қарасақ та өзіне тән жауапкершілігі мен ауыртыпшылығы, қалтарыс-бұлттарысы болады. Содан бопар аты тарихта қалған тұлғалардың қай-қайсысы да күрескер, алған бетінен қайтпайтын табанды, еңбеккер. Соның бір мысалы, ғасырлар бойы адамзаттың пайдасына жарайтын электр лампасын ойлап тапқан Эдисон еді. Он мыңнан аса тәжірибе жасап, әр сәтсіздіктен сабақ алған оның зертханасы түгелдей өртеніп кеткен кездері де болған. Ештеңеге қарамастан бәрін қайтадан бастаған оның батылдығы электр жарығын дүниеге әкелді.

Зымыран жасап, ғарышқа ұшырған алғашқы жеке кәсіпкер Илон Масктің де тәуекелшіл адам екенін тарих дәлелдеді. Шамамен 200 миллион долларын, яғни бар байлығын ғарышқа жүк тасымалдайтын зымыранды жасап шығаруға жұмсаған Масктің күні-түні ұйқы-күлкіні ұмытып, сынақ алаңында жүрген сәттері көп. Бірақ жасаған зымыраның техникалық ақау шығып, үш мәрте ғарышқа жетпей, ауада жарылып кеткені оның табандылығына тағы бір сынақ болған. Кәсібин әрі қарай жалғастыратындай компаниясында қаржы қалмаған Илонға НАСА 1,5 миллиард долларға тапсырыс берді. Бұл Масктің тағы бір жана дәуірге қадам жасайтын мүмкіндігі еді. Нәтижесінде ол төртінші зымыранын сәтті ұшырып, ғарышқа жол салды. Айттып отырғанымыз, мұхиттың арғы жағындағы

адамдардың ертегіге ұқсас өмірі болып көрінуі мүмкін. Алайда кәсібінен нәсібін айырмас бұрын талай тартысты көрген жандар аймағымызда да жеткілікті. Мәселен, "Нұрай" ЖШС директоры, меценат Сейітқали Апшынбаевты білмейтін сырбойылық кемде-кем. Қаладағы "Зерде" интеллектуалды мектебі мен төрт балабақшаны ел игілігіне берген кәсіпкердің жасампаз жолы тұтас қиындықтан басталады. Бұл жайында Е.Байтілестің "Пенде мен перде" кітабында кеңінен жазылған. "Сейітқали Апшынбаев өмір елінің ашқанда аяқ-қолы балғадай болып келіп, тепсе темір үзетін жігіт болып өсті. Анау 90-жылдардың басында Ресейге зат тасыды. Қақаған суықта КамАЗ-дың жанармайы жүріп келе жатып қатып қалады. Соны отпен ерітеміз деп отырғанда... Көліктің жанармай бағы жарылып кетеді. Үсті-басы отқа оранады. Күйік шалады. Бірақ амал қалады. Десек те, ол жолы дене мүшелеріне аса ауыр зақым келмейді. Кейіннен қаланың ішінде көлігімен келе жатып жол апатына түседі. Төрт деңгелегі төбеге қарап қалған көліктің ішінде сағатқа жуық жатып қалады. Содан кейін барып қана әлдебіреулер байқап, қан-жоса болып жатқан жүргізушіні шығарып алып, жедел жәрдем шақырыпты. Екі ай бойына аурухананың темір керуетіне танылады. Сейітқали Апшынбаев жұрт секілді бірден жоғары оқу орнын бітірмеген. Алдымен техникумда оқыған. Оны тәмамдаған

соң Қызылордадағы автобус паркіне қарапайым жұмысшы болып орналасады. Сол жерде табан аудармастан 12 жыл жұмыс істейді. Ол жерде бүкіл мекемені құрап-саймандармен жабықтаушыға дейін көтеріледі. Ерте үйленген. Екі баласы бар. Басында баспанасы, астында көлігі жоқ. Айлықтан айлыққа ерөн жетеді. Әркімнің босағасын сағалайды. 12 жылда 12 пәтер ауыстырыпты. Жыл сайын жаутаңдап әр қожайынның қас-қабағын қарап отырады... Меценаттың қазіргі жетістігіне, жыл сайын тасы ерге домалаған кәсібіне қарап ешкім де жоғарыда айтылған қиындықты көрді деп ойламас еді. Осы жылдың көктем айында Африка құрлығында құдық қазып, бір ауылдың гүлденуіне жүресін қосқан кәсіпкер Елдос Айбеков те жетістік жолындағы қадамын қара жұмыстан бастаған. Топассыз тәжірибеге толы еңбек жолын Елдостың өзі келесідей баяндайды: "Тоғызыншы сыныпта вагоннан цемент те түсіріп көрдім. Үсті басым шаң болып, шашыма цемент жабысып қатып қалған кездер де болды. Шаң болғаны түк емес, иыққа салып көтергендегі салмақты айтсаңызшы. Арқам мен иығымда цемент толы қаптың іздері қалып, қызарып кейде қанайтын. Сол сәттен бастап өзіме «ауыр жұмыс істемеймін» деген принцип қойдым". Кәсіпкер әртүрлі жылдарда «Big Vugler» атауымен өз қаржисін, құйылмалы балмұздақ орталығын, жиһаз шығаратын цехін ашқанымен түрлі себептермен

бизнесін тоқтатып отырады. Бірақ ізденіс пен тәжірибе жасауды тоқтатпаған ол команда жасақтап, су фильтрі кәсібін қолға алады. Дегенінен қайтпаған оның бұл еңбегі Африкада құдық қазып, сол маңдағы тұрғындардың таза ауыз суға қол жеткізуіне себеп болды. Инстаграм желісіндегі инфо-кәсіпкер Батырбек пен фуд-блогер Әсел Жұматайдың есімі де көзге таныс. Жалағаш ауданында білім алып, сол жерде үлкен армандарына тәуекел еткен отбасылық жұп бастапқыда сан түрлі қиындыққа кезіккен. Қарапайым Қызылордадан алып қала Алматыға жол тартқанда қолдау білдірген ешкім болмады дейді олар. "Әсел Жалағашта жүріп-ақ инста парақшасын дамытуға күш салды. Арада біршама уақыт өткен соң келіншегіммен бірге балалар киімін сатуды қолға алдық. Бірақ уақыт қиналдық, бірақ нәтиже біз ойлағандай болмады. 2018 жылдың күзіне дейін ауылда болып, келіншегіммен бірге біршама бастамамен жұмыс істедік. Тапқан табысымыз жақсы болса да, біздің ойымыздағы өмір үшін жеткіліксіз екенін түсіндік. Сондықтан бізге үлкен қалада еңбектену қажет болды. Алматыға келіншегім, қызым Зеремен бірге көшіп келдік. Бірақ бұл жаққа келгенде біздің дайын жұмысымыз да, тұрақты баспанамыз да болмады, тіпті сөзбен демеп, қолдау көрсететін адам да кезікпеді. Қателеспесем, сол кездегі үйіміз Алматының шет жағындағы Қасина көшесінде орналасқан еді. Көне,

ЖЕТІСТІККЕ АПАРАР ЖОЛ



Көпке танылмал кәсіпкерлердің, жетістікке жеткен тұлғалардың өмірі сырттай қарағанда таңғажайыптан тұратындығы көрінеді. Атақ пен абырой, үздіксіз жеңіс те оларға тез беріліп жатқандай. Алайда әр жетістікпен біріккен шығар жолдағы қиындығы мен қауіпі өзіне ғана мәлім.



қабырғасы құлауға жақын үйді жалдап тұрдық. Ауданның өзі сондай ескі еді. Бірақ біздің ең негізгі еңбек жолымыз осы кезден, осы ауданнан басталды. Біз қыдыруды да, бос уақытымызды демалысқа арнауды да ойламадық" дейді кәсіпкерлер.

P.S. Үлкен жолдың кішкене қадамдардан басталатыны белгілі. Бірақ сол жолдың теп-тегіс, әрдайым сәттіліктен тұрмайтынын жоғарыда айтылған тұлғалардың өмірінен байқадық. Әр адамның сүрінген сәтте қайта тұруға деген ұмтылысы оған берілген ең үлкен мотивация екенін де кәсіпкерлердің өмір тарихынан ұғынуға болады.

Гүлдана ЖҰМАДИН

Себебі қазіргі заман бейнежазбаны "сөйлете" алатын қабілетті және еңбеккер жандардың қызметіне тәуелді. Яғни кәсібин дөңгеленткісі келетіндер



мобилографтың жұмысына қомақты ақша ұсынуга даяр. Сондықтан 4 жыл оқыған мамандықтың мобилографияға алмастырғандардың қатары қалың. Соның бірі – Нұртай Төреәхмет.

САНТЕХНИКАДАН СМАРТФОНҒА

Мамандығымыз естіген жұрттың біразы таңқалады. Негізгі мамандығым –

сантехник. Бірақ видеограф саласын таңдадым. Өйткені мамандығым сәйкес біліктілігім өте төмен. Қолдан келмейтін шаруа десеңде болады. Сондықтан әр адам өзінің қабілетіне қарап жұмыс істейу керек деп есептеймін. Мектепте оқып жүргенде қай сабақтан нашар баға аламыз, сол пәннен қосымша курстарға қатысып, өзіңіз түсіне бергендеріңізге әлек болатын едік. Бірақ қазір керісінше болуы керек екенін түсіндім. Адамның бойында қай қабілет басым болса, соны дамыту керек. Мектеп бітіріп, колледжде оқып жүрген кезімде видео түсіруге, монтажда қызыға бастадым. Сөйтіп той түсіріп, қосымша табыс таптым. Өзімде арнайы құрылғылар болмаған соң студияларға жалданып жұмыс істедім. 2020 жылы карантин басталып, күнкөрістің қамымен істеп жүрген біршілігім тоқтап қалды. Күнделікті


ресторанда болатын тойларға шектеу қойылды. Бастапқыда біраз қиналды. Күнделікті

келетін қаржымыз таусылды. Түрлі ой келіп, тығырықтан шығудың амалын қарастырдым. Қолымда – заманауи iPhone. «Телефонды неге көдеге жаратпақсыз?» деген ой келді. Қыран Талапбектың трендте тұрған шағы. Онлайн курсына жазылып, мобилографияны меңгеріп алдым.

МОБИЛОГРАФИЯ – МАМАНДЫҚ

Заманның талабына сәйкес мобилографияны жана мамандық деп қарау керек. Өйткені бұл салаға бет бұрушылар күн санап артып келеді. Оқу орындары секілді мұнда да дәрістер болады. Дәріс арқылы маман атанасыз. Бұл саланы толықтай білмеген адамдар видео түсіру мен монтаждау оңай деп ойлайды. Ал шынына келгенде бұл да үлкен шығармашылық жұмыс. Тапсырыс берушімен тіп табысу, оның ойындағыда етіп ролик жасау – қиынның қиыны. Кейбір кезде

адамдар мобилографтарға ақша бергенше, өзіміз түсіріп



Нарық заманы қоғамды жаңа арнаға бет бұрығызды. Жансыз дүниеге жан бітіріп, креатива ролик дайындайтын мобилографтар бүгінгі қоғамда трендте.

аламыз деп ойлайды. Бірақ кәсіби түрде айналысқан адамның мәнгері мен үйренуші адамның жұмысында жер мен кектей айырмашылық бар. Күнне тек 1-2

видео түсіруге болады. Видео түсіретін де арнайы уақыт болады. Кешке видео түсіру қиындық туғызады, ал күндіз тым жарық. Көбіне кәсібин енді бастап, көрілім (оқзатты) кетеретін адамдарға видео түсіріп беремін. Жұмыстың қиындығы баршылық. Креатив видео түсіру үшін ең алдымен шабыт мекені, сосын жоспар керек. Ал одан кейін идея, оған қандай актер түседі немесе кімді, нені түсіремін деген сұраққа жауап табу маңызды. Сценарий, қандай өлшем, қанша минут, қандай кадр, анимация, бәрін жазып алу керек. Видеоны түсіргенде мобилограф продюсер, режиссер, стилист болады. Бүкіл саланы білсең жақсы. Ал жарнамалық ролик түсіретін болсаң, 10 секунд болу керек деген сияқты талаптар да бар. Осы 10 секундта роликте 12-13 кадр болуы тиіс. Мұны динамикалық, көз ілесіп жылдамдықпен түсіреді.

ТАБЫС ҚОМАҚТЫ

Мойындау керек, қазір Қазақстанда мобилографиямен айналысушылар өте көп. Жаңа салаға сұраныс та жоқ емес. Бірақ әркімнің өзісі әртүрлі. Бірақ біздің әрдайым бәріннен өрешіленуіге, басқалар білмейтін «фишкаларды» бірінші білуге талпынамын. Мен де өзімнің білігімді артықтар мақсатында түрлі әйгірліктің сабағына қатысып, тәжірибемді мөлгітеймін. Бұрынғы таңнан кешке дейін аз қаржыға жұмыс істедім. Ал қазір ай сайын кем дегенде 300 мың теңге ақша табамын. Сосын бір түсінгенім, бір жерде 30-40 жыл тұрақты жұмыс істеп, тәжірибе жинасам, жетістікке жетемін деген ой қатте. Жететін жетістікке ештенені күтпей, қазір асығу керек.

БАЙҚАУЛАР ТӘЖІРИБЕНІ АРТТЫРАДЫ

Қай саланы алып қарасақ да белгілі бір байқаулары бар. Мысалы, журналистерде шығармашылық, спортшыларда күш-жігері. Шыны керек, «Оқушы» қалалық жастар ресурстық орталығының бастамасын қолдаған өкімдікке ризашылығымыз білдіреміз. Жаңа әріптестерді көріп, Қыран Талапбектен офлайн дәріс алдық. Бұл – мобилографтар үшін үлкен тәжірибе алғаны болды. Мереке қарсаңында ұйымдастырылған байқау нәтижесінде бас жүлдені еншіледім. Әріптестерім Дархан Әбілқасым мен Темір Ерсултановтың да роликтері жоғары бағаланып, жүлдегерлер қатарынан көрінді. Ерасыл ШӨРІБЕК

ШАБЫТ ШЕДӨВР СЫЙЛЫҒЫ

Жуырда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында «Open space» заманауи үлгідегі кітапханасы салтанатты түрде ашылған болатын. Бұл орталықтың өзге кітапханалардан жөні бөлек. Себебі «Open space» профессор-оқытушылар мен білім алушыларды отандық және шетелдік оқулықтармен қамтамасыз ететін, жаңа технологиямен жабдықталған, түрлі форматтағы кездесулер өткізуге қолайлы алаң болмақшы.



Осыған дейін Студенттер сарайында орналасқан кітапхана білім алушылар үшін сапалы қызмет көрсетіп келген еді. Алайда күн сайын өзгеріп жатқан білім саласын кітап алаңының да заманауи сай болуын қажет ететін. Осы орайда күрделі жөндеуден өтіп, «Open space» үлгісінде қайта ашылған кітапхана студенттердің сүйікті орнына айналып үлгерді. Мұнда 12 орындық соңғы үлгідегі компьютерлер, ноутбук, 30 орындық конференц зал, 10 орындық кіші зал және студенттер үшін 40 орындық жеке орын қамтамасыз етілген. Бұл жерде білім беру бағдарламалары бойынша кейінгі бес жылда сатып алынған барлық оқу куралы оқырмандарға қолжетімді. Рухани орталықтың студенттердің сапалы білім алуына, тұлғалық дамуына серпін беретінін атап өткен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – Бейбітқұл Қаримова кітапхананың ерекшелігіне тоқталды.

– Қай кезде, қай заманда болмасын кітап құндылығын жоғалтпайды. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы,

жаңа ой мен тың пікірлердің мекені. Электронды форматтың қарқынды дамып жатқанына қарамастан дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайды» деген болатын.

Уақыт өткен сайын кітапхананың оқырманға ұсынатын мүмкіндігі артып келеді. Қазір университеттің ғылыми кітапханасында 2 миллионнан астам кітап қоры бар. Биылғы оқу жылында жалпы сомасы 38 миллионнан астам теңгені құрайтын бес мың данадан аса оқу куралы сатып алынды. Жыл сайын оқу процесіне қажетті кітаптар жаңадан алынып, оқулықтардың саны артуда, – дейді Б.Сәрсемханқызы.

Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әбенев те «Open space» үлгісінде қайта ашылған кітапхананың көпшілік берері мол екенін айтады. – Университеттің ғылыми потенциалы жоғары екенін білім алушылардың жетістігінен байқауға болады. Аталған кітапхананың ашылуы

жастардың интеллектуалдык деңгейінің одан әрі артуына, жаңа идеялардың туындауына, білім

алушылардың осында жиі бас қосуына ықпал етеді, – дейді ол.

Айта кету керек, оқу орнында электронды кітаптардың да қатары жыл сайын көбейіп келеді. Бұл бағытта университеттің ғылыми кітапханасы AlemBook электронды кітапханасымен 5 жылға келісімшарт жасасқан. Қазір студенттер кез келген уақытта интернет арқылы AlemBook электронды кітапханасының кітаптарын тегін оқи алады. Сонымен қатар республикалық жоғары оқу орнындағы аралық электронды кітапханасының базасын пайдалану мерзімі бес жылға ұзаратылған.

Бүгінде университет кітапханаларын цифрландыру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Осы мақсатта жоғары Агіта 2 сканері сатып алынып, өткен оқу жылында алты жүзден аса кітаптың электронды нұсқасы жасалған.

«Бос шақтар» және «Оқиға» сияқты негізнен өмірбаяндық туындылардың авторы Энни Эрноның еңбегі жоғары бағалаған комитет мүшелері қазіргі таңда әлемде болып жатқан жағдай емес, әдебиет пен шығарманың сапасы

Әдебиет сыншылары оның жазағандары тарихи сонаттағы және жеке өмірлік деректерге толы деп бағалайды. Айта кетейік, Нобель сыйлығына үміткерлер қатарында Стивен Кинг, Мишель Хуалбек, Гариэль Луц, Пьер Михон, Харуки



маңызды екенін атап өтті. Оның шығармашылығы «жеке жақтың және ұжымдық шектеулердің тамырын ашуда батылдық пен елілік танытқаны үшін» Нобель сыйлығына лайықты деп танылған.

1940 жылы дүниеге келген Энни – Францияның қазіргі заман әйел жазушысы. Жастайынан шығармашылыққа жақын болған ол тек 1974 жылдан бастап жазушылығын еркін айналысады. Бүгінге дейін оның он бестен астам кітабы жарық көрген. Эннидің «Оның мекені», «Бір әйел», «Сол жылдар» атты шығармалары оқырман арасында көп оқылған кітаптар қатарында. Себебі ол шығармаларын көпшілікке түсінікті де қарапайым тілмен жеткізуге тырысады.

Әлемге танымал жазушылар да болды. 1901 жылдан 2021 жылға дейін осы салада 118 адам Нобель сыйлығын алған. Олардың ішінде есімі көпке мәшһүр авторлар бар. Айталық, Морис Метерлик, Ромен Роллан, Кнут Гамсун, Анатоль Франс, Бенард Шоу, Томас Манн, Иван Бунин, Герман Гессе, Уильям Фолкнер, Эрнст Хемингуэй, Альберт Камю, Борис Пастернак, Джон Стейнбек, Жан-Поль Сартр, Михаил Шолохов, Александр Солженцын, Габриэль Гарсиа Маркес, Уильям Голдинг, Джозеф Бродский, Гюнтер Грасс, Дорис Лессинг осы тізімнен орын алған. Ең жас жеңімпаз британдық жазушы Редряд Киплинг (1907 жылы сыйлық алған кезде ол 41 жаста еді), ал ең үлкен Дорис Лессинг 2007 жылы 88 жасында Нобель сыйлығын алған.

«ЖАРҚЫРАҒАН МЫҢ КҮН»

Роман жанрында жазатын ағылшын тілді ауған жазушысы Халед Хоссейнимен кітапсүйер қауым жақсы таныс болар. «Жарқыраған мың күн», «Теңізге мінажат», «Тауды аралаған жаңғырық», «Батпырауық қуған бала» романдарымен танымал қаламгер әлемге Ауғанстандағы жағдайды айна-қатесіз жеткізген болатын. Бүгін біз жазушы және оның «Жарқыраған мың күн» романы жайлы көңірек айтатын боламыз.

Ауғанстанның Кабул қаласында ауқатты отбасында дүниеге келген Халедтің анасы тарих және парсы тілінің мұғалімі, ал әкесі дипломат болатын. Ол 11 жасқа келгенде жаңғырай Францияға қоныс аударып, әкесі Ауғанстан елшілігіне қызметке тұрады. Арада төрт жыл өткен соң олар Ауғанстанға қайтуға тиіс еді. Бірақ елдегі саяси билік аяқ астынан өзгеріп, Ауғанстанға Кеңес әскері басып кірді де жағдай құбыла түсті. Сондықтан оның ата-анасы Америкадан саяси баслана сурап, Сан-Хоседе қоныстанады. Халед осы елде медициналық білім алып, он жылға жуық дәрігерлік қызмет атқарады. Осы кезеңде жазушылыққа бет бұрған оның «Желмен жарысқан» атты алғашқы романы 2003 жылы жарыққа шығады. Бұл кітап қалың оқырман арасында үлкен сұранысқа ие болып, АҚШ-та бестселлерге айналды. Кейін аталған роман желісімен фильм түсіріліп, Халедтің өзі эпизодтық рөлді сомдап шыққан еді.

«Жарқыраған мың күн» – соңғы жарты ғасырда дүние жүзін бей-жай қалдырмаған Ауған еліндегі жаңталасқа толы өмір шындығын, ондағы халықтың тыныс-тіршілігін боямасыз суреттейтін туынды. Мұнда соғыс жалмаған адамдардың тағдыры мен өмірін құрбандыққа арнаған әйелдердің жан айқайы жеңіл тілмен анық та ашық жеткізіледі. Әлемнің көптеген тілдеріне аударылған кітабы үшін автор 2008 жылы «Әлемдегі ең ықпалды жүз тұлға» тізіміне енген. Былтыр «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 кітап»

рухани-мәдени акциясы аясында жалпы-халықтық оқуға бірқатар бестселлер ұсынылды. Халед Хоссейнидің «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Жарқыраған мың күн» кітабы «Аударма» номинациясы бойынша қазақтілді оқырмандар арасында кеңінен тарады. Халықаралық, республикалық жыр додаларының жүлдегері, ақын Төлеген Мөллат аударған бұл туынды көпшілікті бей-жай қалдырмағаны анық.

«...Мәриям диванда көрлеге оранып жатып, терезеге қонған қар ұшықтарына қарады. Нананың айтуынша, әр түір қар ұшығы бұл дүниеде асап шегіп жатқан әйелдердің тынысынан пайда болып, аспанға бу болып көтеріледі-мыс.

– Олар жиналып, бұлтқа айналады, – деген еді Нана.

– Со-дан

соң біздің әйелдердің, азап-машақатқа сонша шыдамды екенімізді, қиындыққа үн-түнсіз төзетінімізді адамдардың есіне салу үшін қарға айналып, жерге қайта түседі...»

Кітаптан берілген шағын ғана үзіндіден Ауғанстандағы әйел адамдардың қиналысын сөзсіз түсінуге болады. Шығармадағы басты кейіпкер, бай кәсіпкердің 15 жасында күштеп тұрмысқа шығарылған некесіз қызы Мәриям, зиялы отбасында дүниеге келіп, жоғары білім алуды армандаған бақытты қыз Лейланы соғыс атты зулым күш бір арнаға тоғыстырады. Ортақ қасірет біріктірген туындыда достыққа, қынжылыс та көрініс табады. Соғыс азаптарымен бірге, отбасындағы зорлық-зомбылық, мұсылман әйелдерінің құқықтары мен бостандықтары тақырыбы қозғалады.

Соғысты әйелдер және аналар көзімен көрсеткен туынды шынмен мемлекетінің тұрмыс-тіршілігімен тұрғындарының тағдырымен таныстырып қоймай, олардың армандары мен қорқынышын, үміті мен қасіретін толассыз баяндайды. Мінездері мен әлеуметтік жағдайлары әртүрлі, қасіреті мен мұңы бір екі әйелдің тағдыры ешкімді бей-жай қалдырмайды.

Берілген бастылар жағдайы дүрбелең дүниені өзіне қаратып ұмыт бола қойған жоқ. Бәрі дамыған, жетілген уақытта тұтас бір мемлекеттің қару асынып, соғыс бастауы, бейбіт халықтың бір күнде босқына айналуы қазақ жұртына қауіпті көріне де, олардың жағдайына қарап ел тәубе дағи. Соғыс өрті толастаместен, қараңғылық пен нағандық үстемдік құрған Ауған қоғамындағы адам тағдыры мен әйелдер өмірін бейнелейтін «Жарқыраған мың күн» романы ойға оралды. Халед Хоссейнидің шығармасындағы Саиб әл-Табриздің мына өлең жолдары Кабулдағы жағдайды күрсініспен бейнелейтін:

«Ай сәулесі шатырда, айдың саным кім білген, Жарқыраған мың күн де қабырғадан көрінбес».

Шығарманың әр тарауына өткен сайын Кабулдың жарылысқа толы көшелерін кезіп жүргендей әсер береді... Кітап соңына жеткенде жылағын келеді. Ауған еліндегі жағдай үшін және өз еліндегі Тәуелсіздік пен Тыныштықтың қадірін білмей жүргені үшін...

Бетті дайындаған: Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

7 КҮН ЖЕЛІСІ

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Мемлекет басшысының бастамасымен 2020 жылы құрылған «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығын алуға конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды.



«ЖЫЛ ВОЛОНТЕРІ» АТАНЫҒЫЗ!

Сыйлық волонтерлік қозғалысты дамытуға және қолдауға, сондай-ақ әлеуметтік және қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге елеулі үлес қосқан отандық және халықаралық волонтерлер мен волонтерлік топтарды, волонтерлік ұйымдарды көтермелеуге және ынталандыруға бағытталған.

Ол үшін qazvolunteer.kz интернет-платформасында волонтерлік қызмет бойынша өтінім беру және деректерді толықту қажет. Өтінімдерді қабылдау 1 қазанда басталып, 20 қазанға дейін жалғасады. Байқау екі кезеңде өтеді. Бірінші кезең – qazvolunteer.kz интернет-платформасында ашық онлайн-дауыс беру, екінші кезең – әр номинация бойынша жоғары дауыс жиілігіне 10 үміткерді конкурстық комиссияның бағалауы. Нәтижесінде келесі номинациялардың әрқайсысы бойынша үш үміткер жеңімпаз деп танылады. Сыйлықты тапсыру 5 желтоқсан – Халықаралық волонтер күні мерекелеуге арналған арнайы марапаттау рәсімінде өтеді.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде Кеңес Одағының бағыры М.Мәметованың туғанына 100 жыл және оқу орнының құрылғанына 90 жыл толуына орай «Жастық жалынымыз – сүйікті Отанымызға!» атты әскери-патриоттық сайыс ұйымдастырылды.



ПАТРИОТ ЖАСТАР САЙЫСЫ

Патриоттық шараға «Қарулы Күштерінің ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы, заңасаты подполковник Мыңқара Ризуова, облыстық атуан соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Қайратдин Баймаханов, облыстық табық атуан соғысы ардагерлері ұйымы төрағасы Мәрат Орынбайұлы, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры Талғат Тілес қатысты. Шара барысында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында әскери-патриоттық сайыс өткізілді. Жылдамдық пен ептілік, тейім мен күш сыналатын бәсеке осы жылы да өз жалғасын тауып, сайысқа қатысушылар салтық қадам басу, оқу қаруды шашып-жүру, нысанға дәлдеп тигізуден бек сынасты. Сайыс нәтижесінде төрешілер шешімімен М.Ысқанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжін студенттері 1 орынды иеленді.

Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «Сүг Jastary» жүгіру марафоны өткізілді. Марафон қала аумағындағы «Эдельвейс» саяжайынан басталып, «Болашақ» университеті тұсында аяқталды.



МАРАФОН МӨРЕГЕ ЖЕТТІ

Марафонға 200-ден аса жас қатысып, бақ сынады. Жүгіру ерлер иен әйелдер арасында өткізілді. Ерлер арасында Нұрбол Құрманайұлы III орын, Күмісбек Қонайбаев II орын иеленді. Оқ бойы оза шауып, үздік шыққан жас Түрсын Керімбердиев I орынды иеленді.

Қыздар арасында өткен жарыста I орынды Шамшырақ Сержанова қанжығасына байлады. Айнур Асылбекқызы II орынды иеленсе, I орын мінберінен Эльмира Райымқұлова көрінді.

Сондай-ақ, Сырымбет Қашақбай «Ерлер арасындағы ең жас қатысушы», Нина Тен «Әйелдер арасындағы ең жас қатысушы», Уәлишер Бекір «Ерлер арасындағы ең үлкен қатысушы» және Ирина Юнгинді «Әйелдер арасындағы ең үлкен қатысушы» номинацияларына ие болды.

Марафон жеңімпаздары мен номинация иегерлеріне қаржылай сыйлық мен марапаттар табыс етті.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ЕСКЕРІЛУ КЕРЕК

Жемқорлықпен күресу қоғамның дамуына сеп болатыны анық. Елімізде жең ұшынан жалғасқан кеселді ауыздықтауда жүйелі жұмыстар қолға алынып келеді. Десек те түбегейлі жою біздің қоғамда мүмкін болмай тұр.

Әлемдік тәжірибеге зер салсақ, Коррупция қабылдау индексі бойынша бірінші орында тұрған Дания елін неіпағе алсақ, ол жақта жемқорлық туралы мәдениет, идеология шеңберінің арасында ғана емес, қарапайым халықтың арасында да нәсіктетілген Компанияға немесе қызметке тұру үшін адам «пара алмаймын» деп сөз береді. Кішкене ғана күмән болса, қызметкер туралы қоғам арасында негативті пікір қалыптасады. Ақша қозғалысы, барлық пайда мен шығындар әлеуметтік алдына ұсынылады. Сайкесіне мәліметтерді жасыру Данияда мүмкін емес. Елдегі мемлекеттік қызметкерлерге әлеуметтік қорғау жоғары деңгейде ақысыз медициналық көмек және білік, әлеуметтік кепілдіктер жасалған. Жыл сайын қызметкерлер өзіннің пайда кезі мен мүлкі туралы апаратын жариялайды. Мұндай шешімдер парақорлық әрекеттерді болмауына жол ашады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық проблемаларды да жеңілдетеді. Міне, жең ұшынан жалғасқан кеселдің алдын алу үшін осы тәжірибені неіпағе алсақ, қоғамды жемқорлыққа қарсы тәрбиелей аламыз

Гүлсім ЕСКЕЕВА



Өткен жылы Парламенттің бірлескен жетінші шақырылым отырысында Мемлекет басшысы жастар саясаты туралы заңды жетілдіру мәселесін көтерген еді.

саласындағы қоғамдық қатынастарды кешенді реттеудің тиімді құқықтық негізін қалыптастыру. Оған аталған заңнама аясында жастар мәселесін біріктіруші координациялық орталықтандыру жұмысын нормативтік-актілердің шеңберінде пысықтау. Жастарды дамыту индексі жастар саясатын іске асыру, мониторинг, бағалау тәсілдерін біріздендіруге және нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін мемлекеттік, әсіресе, жергілікті органдардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған норма болуы маңызды. Бул ретте депутат оны іске асыру тетіктерін жан-жақты қарастыруды айтты.

«ЗАҢҒА ЖҮЙЕЛІ ӨЗГЕРІС КЕРЕК!»

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жастарды қолдау мәселесін басты назарға алып, осы бағытта біршама шаралы жүзеге асырған болатын. Соңғы жылдары да жас буынға көптеп көңіл бөлу, оларды жан-жақты қолдау ерекше қарқын алды. Алайда күн тәртібінен түспей тұрған мәселе әлі де аз емес. Мәжіліс Мысалы, жақында Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсембаев Жастар саясаты туралы заңға өзгеріс керектігін айтты.

тобында мемлекеттік орган өкілдері, белсенді жастар ұйымдары, Президент кадр резерві мен Президент жанындағы кеңес мүшелері, қоғам белсенділері атсалысты. Қазірдің өзінде жұмыс тобының 11 отырысы, өңірлерде арнайы кездесулер ұйымдастырылды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды сұраймын, – деді Е. Бейсембаев.

Нәтижесінде отырысқа қатысқан 97 депутат заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Бұған дейін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дархан Қыдырәлі жастар саясаты туралы заң жобасында қандай жанашилдықтар бар екенін түсіндірген болатын. Заң жобасында «Жастардың әлеуметтік қызметтері», «Уақытша жұмысқа орналаспаған жастар (NEET)», «Жастармен жұмыс жөніндегі маман», «Жастардың еңбек жасақтары», «Жастар ресурстық орталықтарының функционалдарын кеңейту» ұғымдарын заңнамалық бекіту ұсынылған болатын.

БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ДАМЫТАМЫЗ?

Мектепке дайындық – бүкіл отбасы үшін қиын кезең. «Көмектесемін» деген оймен көптеген ата-ана баласына алдын-ала бірінші сынып бағдарламасын оқытуға тырысады. Осы арқылы бір жағынан, кейінірек қиындықтар аз болады, екінші жағынан, балаға оңайырақ болады деп ойлайды. Үшіншіден, әлбетте үздік оқытын баласын мақтан тұтқысы келеді, ол «барлық пәндерден алғыр» деген жапақ қой. Бірақ бір «бірақ» бар.

Ата-аналардың көпшілігі балаларды мектепке дайындау кезінде баланы оқуға және санауға үйрету керек екеніне сенімді. Ал мектепалды даярлық сыныбында бұл өз маңызды нәрсе емес деп санаймыз. Оқу және математика – бұл баланың мектепке дайындық кезінде жасайтын үлкен жұмысының аз ғана бөлігі. Оқу – ұзақ процесс. Біз баланы оқудан ләззат алуға үйретуіміз керек. Үйрену, ойнап жүріп еңбек ету, табысқа жету. Кәсіби мұғалім сіздің баланыңды тәуелсіз екеніне көз жеткізуі керек, тапсырмаға назар аудара алады, салыстыруды, жалпылауды және талдауды біледі, әлем туралы жеткілікті біледі, мұғалімді тыңдауға және құрдастарымен дос болуға

дайындығын да бағалайды. Кәсіби педагог мектепке оқуға дайындығына баға береді. Мектепке дайындық бір жылдан астам уақытты алады. Мектепалды даярлық тобында сіздің баланыңа «мектеп жасына дейінгі бала» мәртебесіне бейімделуге, көру және есту қабілетін, моториканы және саусақтар мен қолдың нәзік қимылын дамытуға көмектеседі. Егер мектепке дайындықтың бір немесе бірнеше аспектілері болса, шешімдер күтпеген болуы мүмкін. Би немесе спорттық секциялар, арасында логикалық дамуға және мүмкіндік бар.

Ақбаян САПАБЕКОВА

«Сыр медиа» ЖШС Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын облыстық «Ақмөшіт жастары» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады. Облыстық «Ақмөшіт жастары» газеті 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады. Газет форматы Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына бір рет: бейсенбі күні. Таралымы - 7835 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: • бірінші бетте орналастыру – 250 теңге; • ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; • ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммунал: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjnam@mail.ru

Адам баласы туған жермен, атамекенмен бірлікте, байланыста екені ақиқат. Иә, туған жер тақырыбы осыған дейін бірнеше мыңжылдықтар қатарынан да жырланды. Жырланып келеді, жырлана береді де. Халқымыз басынан не күйі кешсе де, ол сөз өнерінен, әдебиетінен көрінеді. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен

ПУФАЖ ЖЕРДЕЖ ШАҒЫП АЛҒАЖ



атамекен, туған жерді қорғаған қазақ елінің бүкіл жүріп өткен жолы, тәуелсіздік үшін, туған жер, атамекен, атажұрт үшін күреспен әліптелгендей болып көрінеді.

Негізгі қуатын, қайнар бастауын қазақ халық ауыз әдебиетінен алатын тақырып ғасырлар мен жылдар бедерінде толығы, түсіні, біздің заманымызға жетіп отыр.

Бұл ұғымдардың тұтастығын Махмұтбай Әміреулының поэзиясын зерттеу барысында байқадым. Мұның барлығын аз ғана жоба жұмысы көлемінде қамти алмасамыз белгілі және мақсатымыз да ол емес. Аталған мәселенің өзгешелеу көрінетін тұсы, ерекшелігі мол аңғарылатын кезеңі – ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті дер едім. Бір зерттеушілер «Хандық дәуір әдебиеті» деп, екінші бір зерттеушілер «Жыраулық поэзия» атандырып жүрген бұл кезең ой саларлық.

Қазақ поэзиясындағы туған жер туралы жырлар бірде тау, бірде өзен, бірде қырат, бірде теңіз төңірегінде өріледі. Мұны ықпалы замандардан бері келе жатқан дәстүр ретінде қарауымыз қажет. Өлең өнеріне әдепмен келген М.Әміреулының жанға жақын тақырыпты тарқатуы өзгеше. Ол өзін толқытқан, тебірткен, сезімге бөлеген

өмір құбылыстарын жыр өзегі етті, ақындық жолда, поэзия ауылына бет алғанда туған елін, туған жерін өзін қолдаушы, күш беруші деп білді. Мұны ақынның «Жылдар, жылдар...» атты өлеңінен анық байқадым.

Иә, кез келген ақын не жазушы шығармашылығында бүкіл рухани әлемге сәулесін төгіп, ерекше нұрландырып тұратын тақырыптар бар екені белгілі. Мұндай тақырыптардың болуын жалпы әлемдік әдебиетке, жер жүзі көркемөнеріне тән заңдылық десек те болады. Оның себебі, мұндай мәселе, бұл тақырып – мәңгілік тақырып, себебі ол адамзат үшін ең бір қасиетті ұғымдардың бірі. Өлем әдебиетінің алтын қорынан бұл тақырыптың әр кезеңде, әр дәуірде сан түрлі бейнеленуін, сан қырынан жырлануын, сан нақышпен өрнектеуін көреміз. Мұны түсіндіріп жатудың өзі артық. Өйткені олай болуы – табиғи жайт, өмір заңы.

Әдебиеттегі тақырып өте кең, ауқымды және жан-жақты, терең, күрделі зерттеулерді қажет ететін мәселе. Басқасын айтпағанның өзінде бір ақынның шығармашылығындағы туған жер, атамекен, атажұрт мәселесінің жырлануын зерттеудің, зерделеудің өзі үлкен ғылыми диссертацияға жүк болары анық.

**Ақжібек ӘЛШЕВА,
Абай атындағы №2
мектеп оқушысы**

Ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық жазуды қалыптастырушы тұлға екені мәлім. Бірақ ақынның мысал жарындағы жетістіктері мен шебер аудармаларының мәні тым биікте. Қаламынан туындаған мысалды бірі түсінсе, бірі түсіне қоймас. Ұлт ұстазының осы қыры қоғамға аса қажет тәлімдік үлгі деуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлының ақындық шеберлігінің бір бөлігі орыс поэзиясына тиесілі. Аудармалары қозғалған мәселесіне орай, әртүрлі тақырыптарды қамтиды. Соның бірыңғайына тоқталсақ...

Мысалы, әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін, саяси тақырыпты қозғайтын, халықты ынтымақ пен бірлікке шақыратын мысалдарының ішінде "Қасқыр мен тырна" мысалында сүйекке қақалып қалған қасқырды өлім аузынан құтқарып қалған тырна туралы айтылады. Бірақ қасқыр тырнаға алғыс білдірудің орнына оны азығына айналдырғысы келеді. Оқиға желісі бірдей болғанымен, Ахмет өз аудармасында кіріспені ұзағырақ қылады. Ол қасқырдың тырнаға мақтау-монолонын өзі қосады. Мысал аяқталғанда:

"Қиссасы Қасқыр, Тырна болды тамам,
Мінездем, қасқырмен кейбір адам.

Басына пәле түсіп, қысылғанда,
Жалын-жаппады келіп саған" деген сөздермен аяқталады. Бұл шумақтың өзінде бір үлкен мән жатыр. Мысалда қайырды адамдына қарап істеу керекті жөнінде тұжырымдалады.

"Өгіз бен бақа" мысалында ақымақ бақаның бейнесімен "Өліп білмес өлек" деген нақыл сөздің мағынасын ашып береді. "Қасқыр мен мысық" мысалында зұлымдық жасаудан басқа түк білмейтін қасқырдың бейнесімен "Не ексең, соны орасың" сөзін ұғындырып, зұлымдық жасағанның күні не болатынын көрсетеді:

"Жыңды жоқ сені аман құтылдырып,
Алғандай бәле тілеп үстеріне.
"Не ексең, соны орасың", деген сөз бар,
Ор енді егіңді піскенінде," – деген шумақ осының айқын көрінісі.

Ахметтің достық пен ынтымақтастықты баяндайтын мысалдарына "Аққу, шортан нәм шаан", "Мапшы мен маса" шығармаларын айтуға болады. "Аққу, шортан нәм шаанда" жүкті үш жаққа тартып, бірігіп жараспаған жануарларды сынасқа, "Мапшы мен масада" өзін жылан шағайын дегенде көмектескісі келген масаны кінәлап, достығын түсінеген малшыны сынайды. Ахмет өзін сол халқына көмектескісі келген бірақ достығы түсінілмей қалған масаға теңейді.

Ақынның қаламынан туындаған ойының дені қазақ қоғамының жетілуіне арналады. Оның мысалдарының негізгі түйіні де "Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен" деген тәмсілді меңзейді.

Айдан ӘБІЛДӨ

МЫСАЛМЕН ӨРІЛГЕН ОЙЛАР

Баяғы өткен заманда шағын ғана елдімекенде Асан деген бала өмір сүріпті. Ол отбасында жалғыз бала еді. Өкесі мен анасы егін егіп, тіршілік жасап, күн көретін. Бір күні талмай еңбектеніп, тынымсыз жұмыс істеген Асанның анасы қатты ауырып қалады. Аядай ғана ауылдың емшілері оған

ешқандай дәрілік шөптің көмектеспейтінін айтады. Асан анасының орнына жұмысқа шақса да, күн өткен сайын кеңірек болмай, анасын ойлаумен болады. «Анамды қалай емдеп жазуға болады?» деп күндіз-түні іздене бастайды.

Бір күні ол егістікке жұмыс жасап жүргенде кенеттен аспаннан пыр етіп, кішкентай құс егістікке құлап түседі. Қасына жақындаған Асан құстың аяғы жараланғанын көреді. Сөйтіп ол құсқа көмектескісі келіп, үйіне әкеледі. Уақытылы баптап, тамақ-суын берген соң құстың да аяғы жазыла бастайды. Өбден тауір болғанда кішкентай құсқа тіл бітеді:

Жанашыр досым, сен маған

қамқор болып көмегіңді бердің. Енді қандай тілегің болса да орындаймын. Қалағаныңды айта ғой, – дейді.

Асанбұл жағдайға қатты таңқалды. Бірақ тез есін жиып, анасының ауырып жатқанын айтады:

КИЕЛІ ҚҰС

Бірнеше ай болды, анамның ауруына ем таба алмай келеміз. Бар арманым анам тезірек сауығып кетсе және бұрынғыдай бақытты жұмыр кешсек, – дейді.

Кішкентай құс қанатын жайып, терезеден ұшып кетеді. Кеш батып, таң атады. Таңертең оянған Асан анасының баяғы қалпында қуанып жүргенін көреді. Өрі ешқандай ауру белгісі қалмағанын көріп қатты қуанады. Далаға жүгіріп шығып, аспанға ұзақ қарап тұрып да:

Рақмет саған, киелі құс! – деп айқайлады. Осы жағдайдан соң Асан отбасымен бірге бақытты да ұзақ өмір сүріпті.

Тахмина БОЛАТҚЫЗЫ,
Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейінің 4 сынып оқушысы

СИҚЫРШЫ ҚАРТ

Қыс мезгілі. Айналаны тұтастай қар жапқан күннің өте суық сәттері еді. Аспанды бұл қаптап, күн сәулесін көрсетпейді. Соған қарамастан балалар ойнауға шықты да, қардың қызығымен ауладан алыстап кетті. Біраз уақыт өткен соң қарындары ашып, тоңа бастайды.

Жылынатын жер іздеп жүріп, жолай қарт кісіні кездестіреді. Сәлемдесіп болған соң, балалар қарт кісіден су беруді сұрайды. Балалар суды ішкен соң үйіне іздеп, әрі қарай жүре береді. Салден соң таудағы үңгірді көреді. Үңгірге кірген соң өбден суықтаған балалар қалың ұйқыға кетеді.

Оянған соң қараса үңгірдің аузын қар басып қалыпты. Не істерін білмеген балалар қатты қорқады. Бір кезде үңгірдің алдынан әлгіндегі қарт шыға келеді. Сол мезетте-ақ қардың барлығы еріп кетті. Өйткені ол жай ғана қария емес, сиқыршы қарт еді. Балалар қарияға алғысын айтып, үңгірден шыға бастайды. Сиқыршы қарт балаларға үйлеріне қайтатын тете жолды да көрсетеді. Балалар аман-есен ауылдарына жетіп, сиқыршы атай жайлы ұзаққа дейін айтып жүріпті.

Ермегі әлемінде

Адиля АМАНГЕЛДІ,
Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейі оқушысы

«БАЛА БАРЫСЫ» КІМ?



Балалардың белдесуі өткен «Евразия» спорт көшенінде жанкүйерлердің қарасы қалың болды. Бұл – көкіеіг кең қазақ күресінің соңғы уақытта Сыр өңірінде қарқынды дамып жатқанының көрінісі. Олай деуге толық негіз бар. Өйткені 2011 жылы ұйымдастырылған алғашқы «Қазақстан барысы» турнирінде қызылордалық Ұлан Рысқұловтың топ жаруы соған дәлел. Ұланның жеңісті жолын

жалғаған Еламан Ергалиев, Нұрым Сәлімгереев, Мақсат Исабағыловтар бүгінде ұлкен ареналарда ел намысын абыроймен қорғап жүр.

Балалардың бабын байқауға шаһар басшысы Асылбек Шаменов арнайы келді.

— Жас балуандардың қызығушылығын байқап, қазақ күресінің келешегі кемел, болашағы жарқын боларына

сенімдімін. Алдағы уақытта «Бала барысы» турнирінің дәстүрлі сипат алуына жүйелі жұмыстар жасалып, байрақты бәсекеде айрықша күш-жігерімен танылған темір қанат жас түлектер көптеген дүбірлі додаларда Алашқа олжа салады деп ойлаймын, — деді қала әкімі.

Иығына қасқыр терісін ілген жас балуандар бозкілемге спорт көшенің ішіне бір-біріне қарама-қарсы тігілген қыс киіз үйден шығып, өз қарсыластарын «соқыр» жеребе

Биыл қала күні мерекесі жылдағыдан ерекше тойлануда. Тұрғындар мәдени шаралардан бөлек спорт сайыстарының күсі болуда. Өткен сенбінде мерекелік думанның легі бозкілемде жалғасын тапты. Балаларды саламатты өмір салтына баулу мақсатында шаһарда тұңғыш рет «Бала барысы» өтті. Облыс аумағынан 30 жасөспірім қатысқан жас балуандар додасына «Абай-Дәулет», «Ер-Ару», «Шаған құрылыс заттар» компаниялары демеушілік жасады.

арқылы анықтады. Қалалық ашық біріншіліктің баса назар аударатын бір ерекшелігі, балуандардың әрбір қимылы жоғары технологиялы VAR жүйесі арқылы бақыланып, ютуб арнасында тікелей эфир жүргізілді.

Тартысты бәсекеңі ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, талантты ақын Ақжол Түменбай жүргізіп, рухты сөздерімен балуандарға дем берді. Жан алып, жан беріскен бәсекеңі ақтық сыны әлемдік бәсекелерден кем болмады. Нәтижесінде «Жанқылыш» лақап атымен қатысқан қармақшылық Бақытжан Архар «Көрермен көзайымы»

атанса, III орын 50 мың теңге және «Қола белбеу» «Ақұдай» лақап атын иеленген қызылордалық Исламбек Баймұлдаевқа бұйырды. Жартылай жеңіс ұпайымен алда тұрып, соңғы секундтарда қарсыласына есе жіберген «Жаңақорған барысы» Дінмұхамед Ержанов II орын 100 мың теңге мен «Күміс белбеуді» қанағат тұтса, I орын 150 мың теңге және «Алтын белбеуді» қармақшылық «Семетей» — Әпихан Әлиасқаров жеңіп алып, арнайы жасалған ауыспалы «Тайтұяқты» қанжығасына байлады.

БОЛГАРИЯДАҒЫ БӘСЕКЕ



Болгарияның Пловдив қаласында грек-рим күресінен ардагерлер арасында әлем чемпионаты өтуде. Жаһандық жарыста үш қазақстандық балуан бақ сынауда.

88 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Абай Смағұлов А дивизионында ардагерлер арасында еркін күрестен әлем чемпионы атағын жеңіп алды.

Бірінші кездесуде спортшы қырғыз балуанын 4:3 есебімен жеңді, екінші және үшінші жеке-жеке Латвиядан келген спортшымен өткен долада Абай Смағұлов 5:1 есебімен басымдық танытып, финалға шықты. Финалдық кездесуде қазақстандық балуан үндістандық қарсыласын 7:5 есебімен жеңіп, әлем чемпионы атанды.

Сыр балуаны Самат Оспан да табысты өнер көрсетті. №17 Қазалы ауданындағы олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі грек-рим күресі бөлімшесінің жаттықтырушысы қызмет атқаратын Самат финалға дейін алқынбай өтіп, ақтық сында ұпай санымен қарсыласына есе жіберді. Осылайша ол әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

КЕЗЕКТІ ЖЕҢІС



Футболдан ел біріншілігінің 22 турында қызылордалық «Қайсар» «Екбастұзға» қоңаққа барып, 2-0 есебімен басым түсті.

Қасқырлар матч тағдырын алғашқы таймда ақ шешті. Алдымен Кирилл Сидоренко 11 метрлік айып добын сәтті орындап, есеп ашты. Араға санаулы минуттар салып, Сидоренко Диаллонның пасына ұтымды пайдаланып, есепті еселеді. Қорытынды есеп 2-0. Керектудегі жеңістен кейін Әбілдаев шәкірттері 48 ұпай жинап, турнирлік кестеде 2-орында келеді.

«Екбастұз» — «Қайсар» 0-2
Голдар: Сидоренко Кирилл 21 (пенальтиден) (0:1), Сидоренко Кирилл 26 (0:2).

Екібастұз: Сапарғалиев Ануар, Байжанов Тимур, Бралин Айдын, Еренғайып Мейрамбек (Муралинов Әмір 46), Ысқақов Диас, Какенов Даниял (Ержанов Айхан 67), Нырков Даниил, Әбіл Ілияс (Мосин Евгений 85), Скворцов Алексей, Сұлпейменов Аслан (Қ), Сулсов Дмитрий (Абишев Дархан 85).

Қайсар: Калмыков Никита, Байжанов Мырсат (Қ) (Жұмаханов Әділбек 67), Бауыржан Маржан, Горшунов Елсибек, Диалло Аама (Алтынбеков Елжас 67), Ануарбеков Нурбол (Жалмұқан Дидар 72), Оливейра Жоао Педро, Сеитов Амаль (Сахалбаев Руслан 78.), Сидоренко Кирилл, Сламбеков Демият, Төлегенов Абылайхан.

ҚАНАТ РИНГКЕ ОРЛАДЫ



Екста тасыда қалған Қанат Ислам Флорида штатындағы Платт-Сити қаласында жеке-жеке өткізді. Бокс көшінде жерлесіміз аргентиналық Хавьер Франсиско Масьельермен (34-18, 23 KO) қолғап түйістірді.

Сегіз раундқа жоспарланған айқаста 38 жастағы қазақстандық боксшы төрешілердің бірауызды шешімімен жеке-жеке жеңіп, жеңімпазы деп танылды. Осылайша, отандасмыз кәсіпқой бокстағы 29-шы жеңісіне қол жеткізді. Ал өз еліміз «Жыртқыш» деген лақап атымен танымал болған Масьелье 18-мәрте жеңілістің керемек дәмін татты.

Айта кетейік, бұл — Қанат Исламның карьерасындағы алғашқы жеңілісінен кейінгі жеңісі. Ол осы жылдың ақпан айында британиялық Джимми Келлиден ұпай саны бойынша ұтылып қалған еді.

Бетті дайындаған: ЕІШӨРІБЕК



СЛОВЕНИЯНЫ САН СОҚТЫРДЫ

Футзалдан Қазақстан ұлттық құрамасы 2024 жылы өтетін әлем біріншілігінің іріктеу кезеңін жеңіспен бастады. Жасылтық Үшкөмпіров атындағы «Жекпе-жек» спорт көшенінде ұйымдастырылған топтық кезеңнің бірінші турында Рикардо Кака шәкірттері Словения футболшыларын қабылдап, 2:0 есебімен басым түсті.

Шілде айында тартылған жеребе қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы әлем чемпионатының негізгі іріктеу кезеңінде Словения және Черногория құрамаларымен бесінші топта ойнайтыны белгілі болды. Жалпы Қазақстан мен Словения футболшылары бүгінде дейін хальқаралық ойындарда үш мәрте кездесіп, соның тек біреуінде ғана жерлестеріміздің мерейі үстем болған еді. Қалған екі кездесуде құрамалар тең нәтижемен тархасқан болатын. Ал Черногория құрамасымен биыл бірінші рет кездесек.

Бесінші топтағы алғашқы іріктеу ойыны қыркүйекте Словенияда өтіп, жергілікті футболшылар Черногориядан келген қарсыластарын 3:1 есебімен тізе бүктірді. Сөйтіп, бірінші жеңісіне және алғашқы үш ұпайына қол жеткізген

словениялықтар Қазақстанға бесінші топтың қосбасшысы ретінде келді. Елордадағы өскі қарсыластардың төртінші ойыны тең дәрежеде өтті деуге болады. Себебі екі құрамада да гол соғып, есепте алға шығатын бірнеше мүмкіндік болды. Тек Словенияға қарағанда гол соғатын оңтайлы сәтті мүлт жібермеген қазақ жүйттері жеңіске жетіп, «Жекпе-жек» спорт көшеніне жиналған жанкүйерлерді қуанышқа бөледі. Кездесудің жетінші минутында Дугластың бұрыштамадан қосқан добынан кейін Альберт Арбалықов ойынның есебін ашты — 1:0.

Қазақстан құрамасының футболшылары өкініш айтып да өте белеңді ойнағанымен, Словения қақпасына бір доптан артық гол соға алмады. Жерлестеріміз есепті еселеуге қанша тырысса да, көздеген мақсатына жете алмай біраз әбгерге түсті. Матчтың аяқталуына бес минут қалғанда Словения құрамасының бас бапкері тәуекелге бел буып, қақпашының орнына алаңға бесінші ойыншыны шығарды. Қарсыластың кезекті бір шабуылы нәтижесіз аяқталып, олар допсыз қалғанда Дуглас бос қалған қақпаны дөп көздеп, ойынның нүктесін қойды — 2:0.

Осылайша Қазақстан құрамасы алғашқы ойында Словенияны жеңіп, үш ұпаймен бесінші топта көш бастады. Ал екі матч өткізген словениялықтарда да үш ұпай бар,

бірақ жеке кездесуде жерлестеріміздің мерейі үстем болғандықтан олар өзінде екінші орынға тұсып қалды. Қазақстан құрамасы келесі ойынын Черногориямен өткізеді.

Еуропа футбол қауымдастықтары одағының (УЕФА) ережесі бойынша, Кәрі құрлықтағы әлем чемпионатының іріктеу бәсекелері бес сатыдан тұрады. Бұл — екінші іріктеу кезеңі. Негізгі іріктеу сатысында Еуропаның 36 ұлттық құрамасы үш-үштен 12 топқа бөлініп, ойнап жатыр. Топтық кезеңнің ойындары 2022 жылдың 12-21 қыркүйек, 3-12 қазаны, 6-9 қарашасы және 2023 жылдың 27 ақпаны мен 8 наурызы аралығына жоспарланған.

Топтық кезеңде бақ сынайтын құрамалар бір-бірімен «үлде» және сырт алаңда бір-бір ойын өткізеді. Нәтижесінде әр топтың жеңімпаздары мен екінші орын алған төрт үздік команда элиталы кезеңге тікелей жолдама алады. Ал екінші орын иеленген қалған сегіз команда 2023 жылдың 10-19 сәуір аралығында өтпелі ойындар арқылы төрт топқа бөлініп, ойнап жатыр. Топтық кезеңнің 20 құрама қатысып, олар төрт-төрттен бес топқа бөлініп ойнайды. Әр топта жеңімпаз атанған құрама әлем чемпионатына жолдама алса, екінші орын алған құрамалар бір-бірімен ойнап, қосымша екі жолдамаға таласатын болады.



Ерекше бағытта ел мәдениетін дамытып жүрген жастар жоқ емес. Сондай талантты жерлесіміздің бірі, «ЕПРО» жастары атты халықаралық өншілер фестивалінің лауреаты, халықаралық М.Магомаев өндiрiн орындау және жаңғырту мақсатындағы «Синья вечность» өншілер байқауының жеңімпазы, республикалық Ф.Мұратбаев сыйлығына ие болған талантты жас Сәкен Көрмешпен әңгімелесудің реті түсті.

«ӨНЕР САТЫЛМАЙДЫ»

– Сәкен Қуантқұлұлы, балалық шағыңызға бойласақ... Өнерге алғашқы қадам қашан басталды? – Қазалы ауданы. Өйтеке би кентінде туып өстім. Баланың бойынан тамшидай талантты байқайтын әнұста ата-ана. Оз жұртында, нағашыларыма әншілікке жағым болғандар баршылық. Сондықтан қандай өнер болса да, қанмен келген қасиет дегенім артық емес.

2002 жылы №216 мектеп-гимназияны табылдарығын аттадым. Сол сәттен бастап менің өнерімді, бойымдағы дарындымы қолдап, алға сүйреген алғашқы ұстазым – Гүлнәр Аппола. Ол жалғыз менің ғана емес, ауданда өнерге аяқ басқан өрендердің ортақ ұстазы.

2011 жылы Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжине тапсырып, оқуға түстім. Колледж қабырғасында жүргенде Қуаныш Құттымұратов есімді кәсіби маман, классикалық өншінің тобына қабылдандым. Осы арада өнерге баулыған ұстаздарыма алғысым шексіз.

Колледжде білім ала жүріп Қызылорда облыстық Турманғабет атындағы ұлт аспаптар оркестрінде қызмет жасадым. Сонымен бірге филармонияда жеке солист те болдым. Сол кезеңде аспаптармен кәсіби түрде танысып, композиторлық қырмыды аштым. Өлі күнге дейін өн, өлең жазу өнерін дамытып келемін.

«Мәңгі аяқталмайтын істерде адамның ұлығы жатады» депті Гете. Академиялық классика да өнер ретінде мәңгілік десек болады. Неге классикалық бағытты таңдадыңыз? – Өнші болам деген балалық арман алға жетелеп, 2015 жылы Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның вокал кафедрасына қабылдандым.

Үлкен шаһарда жүріп өнерге, алға қойған мақсаттарға деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Яғни, өзімнен классикалық өнші болуды талап еттім. Опералық жандра

білім алып, өзімді дамытуға ұстазымыз Ұлан Кенжебеков тікелей әсер етіп, түрлі конкурстар да дайындады. Классикалық бағытты таңдағаным өкінібеймін. – Өнер деңгейі көрермен саньмен өлшенбейді. Дегенмен классикалық өн жанкүйерлерінің қарасы аз. Сіздің ойыншыза, себеп неде? – Біздің елде классикаға деген сұраныс Италия, Германия, Франция сынды мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда аз. Себебі ХVІ ғасырдың 30-жылдарында Италияда опера пайда болды. Сол кезден бастап опера жары ұлғайып, күрделеніп, бүгінгі күні ұрпаққа мұра, аманат болып отыр. Бізде неге сұраныс аз десеңіз, әр ұлттың өзін те ата-бабадан қалған рухани мұрасы бар, классикадан гөрі қазаққа қара өлең, дәстүрлі өн құнды.

Дегенмен опера бізге жат өнер емес. Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», Л.Хамидидің «Абай», М.Телебаевтың «Біржан-Сара» операсы театрларда әлі күнге дейін қойылып, халықтың ықыласына бөленуде. Қазақ еліңде бұл бағыт енді қанат жайып, дамудың жаңа арнасына түскендей. Сондықтан болашақта классикаға деген сұраныстың көбеюі анық.

– Өнге коммерсттық көзқарас қатысты «өнер сатылмайды», тек бағаланады» деген ұстанымдымын. Жазылған ән – жан рахаты үшін, іште сайрап жатқан, даба бермейтін ноталардан туар дүние. Сондықтан ақша табу мақсатында шығатын өн жүрекпен жазылмайтын сияқты.

– Қазалы топырағы таланттарға кенде емес. Дегенмен тасада қалып кететіндер баршылық... – Өнге коммерсттық көзқарас қатысты «өнер сатылмайды», тек бағаланады» деген ұстанымдымын. Жазылған ән – жан рахаты үшін, іште сайрап жатқан, даба бермейтін ноталардан туар дүние. Сондықтан ақша табу мақсатында шығатын өн жүрекпен жазылмайтын сияқты.

– Өнердің қай-қайсысы да қасиет, киіге ие. Колледж қабырғасында, ата-анадан ырық жүргенде жазған алғашқы «Сағынышым» деген өн туған жерге деген сағынштан туған еді. Қазіргі таңда 15 авторлық өнім бар.

– Өнге коммерсттық көзқарас қатысты «өнер сатылмайды», тек бағаланады» деген ұстанымдымын. Жазылған ән – жан рахаты үшін, іште сайрап жатқан, даба бермейтін ноталардан туар дүние. Сондықтан ақша табу мақсатында шығатын өн жүрекпен жазылмайтын сияқты.

– Қазалы топырағы таланттарға кенде емес. Дегенмен тасада қалып кететіндер баршылық...

– Өнге коммерсттық көзқарас қатысты «өнер сатылмайды», тек бағаланады» деген ұстанымдымын. Жазылған ән – жан рахаты үшін, іште сайрап жатқан, даба бермейтін ноталардан туар дүние. Сондықтан ақша табу мақсатында шығатын өн жүрекпен жазылмайтын сияқты.

«Құлақ тазалағыш» мамандығы Қытайда кең тараған. Көз үйренген сатушы-көнеуші қызметі секілді қытайлықтар үшін құлақ тазалаушылық өдеттегі сервистік саланың бірі. Сарапшылардың пікірінше, құлақты тазарту дененің жалпы денсаулығына ықпал етумен қатар жағымды өсер сыйлайды. «Аралды бақылаушы» мамандығы осыдан он шақты жыл бұрын 35 мың адам қатысқан «Өлемдегі ең жақсы жұмыс» байқауында бас жүлдеге лайық деп танылған. Байқауда аталған маман иесі Бен Саусхол өсімді аманат көптің көзіне ілікті. Қазір Бен жұмақ мекен саналатын Ганьмилтоң аралында ықпалт villaда тұрады және сол үшін айына 20 000 АҚШ долларын алады. Оның міндеттеріне тасбақаларды тамақтандыру, маржан рифтерін қадағалау және туристерді қызықтыру үшін жергілікті аралдың табиғаты туралы блог жүргізу кіреді. Мұндай жұмысқа орналасатын адамнан ең алдымен шығармашылық мінез-құлық талап етіледі. Жан-жануарлар өлемін сүйетіндер үшін «пингвин аударушы» мамандығы ерекше пазат сыйлайтыны анық. Олар галамдары ең суық материк Антарктидада жұмыс істейді. Аспандағы ұшақтарға қараған күйі шалқасынан құлайтын пингвиндер өздігін орынан тұра алмайды. Күлеп қалған жеріде өліп қалуы да мүмкін. Бұл мамандық ерекшелігімен ғана емес, тіршілік иесіне пайдалы болуымен де ұнамды.

Қытайлықтар өз эмоциясын барынша жасыруға тырысқанмен, жергілікті дәстүрлерге құрметпен қарайды. Мәселен, жерлеу рәсімінде марқұмның туыстары қыламайды. Осы мақсатта арнайы «көз жасын сатушылар» жалданары. Олар табиғи түрде жылауды көрсетіп, өз ролін сомдайды. Қытайлық Джин Гуиухуан астам уақыт бойы жалданған «жылап» күнін көріп жүрген ол бір ғана жерлеу рәсімі үшін 20 доллар алатын көрінеді.

«Сананы тұрмыс билеген» ғасырда адамдар бір-бірінің көңілін сурап, хәлің білуден қалған. Тіпті, қиын сәтте қолдау күтетін жақыны жоғар жастығын құшақтан жалғыз қалуы мүмкін. «Құшақтаушы» маман дара деген

«Құлақ тазалағыш» мамандығы Қытайда кең тараған. Көз үйренген сатушы-көнеуші қызметі секілді қытайлықтар үшін құлақ тазалаушылық өдеттегі сервистік саланың бірі. Сарапшылардың пікірінше, құлақты тазарту дененің жалпы денсаулығына ықпал етумен қатар жағымды өсер сыйлайды. «Аралды бақылаушы» мамандығы осыдан он шақты жыл бұрын 35 мың адам қатысқан «Өлемдегі ең жақсы жұмыс» байқауында бас жүлдеге лайық деп танылған. Байқауда аталған маман иесі Бен Саусхол өсімді аманат көптің көзіне ілікті. Қазір Бен жұмақ мекен саналатын Ганьмилтоң аралында ықпалт villaда тұрады және сол үшін айына 20 000 АҚШ долларын алады. Оның міндеттеріне тасбақаларды тамақтандыру, маржан рифтерін қадағалау және туристерді қызықтыру үшін жергілікті аралдың табиғаты туралы блог жүргізу кіреді. Мұндай жұмысқа орналасатын адамнан ең алдымен шығармашылық мінез-құлық талап етіледі. Жан-жануарлар өлемін сүйетіндер үшін «пингвин аударушы» мамандығы ерекше пазат сыйлайтыны анық. Олар галамдары ең суық материк Антарктидада жұмыс істейді. Аспандағы ұшақтарға қараған күйі шалқасынан құлайтын пингвиндер өздігін орынан тұра алмайды. Күлеп қалған жеріде өліп қалуы да мүмкін. Бұл мамандық ерекшелігімен ғана емес, тіршілік иесіне пайдалы болуымен де ұнамды.

Қытайлықтар өз эмоциясын барынша жасыруға тырысқанмен, жергілікті дәстүрлерге құрметпен қарайды. Мәселен, жерлеу рәсімінде марқұмның туыстары қыламайды. Осы мақсатта арнайы «көз жасын сатушылар» жалданары. Олар табиғи түрде жылауды көрсетіп, өз ролін сомдайды. Қытайлық Джин Гуиухуан астам уақыт бойы жалданған «жылап» күнін көріп жүрген ол бір ғана жерлеу рәсімі үшін 20 доллар алатын көрінеді.

«Сананы тұрмыс билеген» ғасырда адамдар бір-бірінің көңілін сурап, хәлің білуден қалған. Тіпті, қиын сәтте қолдау күтетін жақыны жоғар жастығын құшақтан жалғыз қалуы мүмкін. «Құшақтаушы» маман дара деген

«Құлақ тазалағыш» мамандығы Қытайда кең тараған. Көз үйренген сатушы-көнеуші қызметі секілді қытайлықтар үшін құлақ тазалаушылық өдеттегі сервистік саланың бірі. Сарапшылардың пікірінше, құлақты тазарту дененің жалпы денсаулығына ықпал етумен қатар жағымды өсер сыйлайды. «Аралды бақылаушы» мамандығы осыдан он шақты жыл бұрын 35 мың адам қатысқан «Өлемдегі ең жақсы жұмыс» байқауында бас жүлдеге лайық деп танылған. Байқауда аталған маман иесі Бен Саусхол өсімді аманат көптің көзіне ілікті. Қазір Бен жұмақ мекен саналатын Ганьмилтоң аралында ықпалт villaда тұрады және сол үшін айына 20 000 АҚШ долларын алады. Оның міндеттеріне тасбақаларды тамақтандыру, маржан рифтерін қадағалау және туристерді қызықтыру үшін жергілікті аралдың табиғаты туралы блог жүргізу кіреді. Мұндай жұмысқа орналасатын адамнан ең алдымен шығармашылық мінез-құлық талап етіледі. Жан-жануарлар өлемін сүйетіндер үшін «пингвин аударушы» мамандығы ерекше пазат сыйлайтыны анық. Олар галамдары ең суық материк Антарктидада жұмыс істейді. Аспандағы ұшақтарға қараған күйі шалқасынан құлайтын пингвиндер өздігін орынан тұра алмайды. Күлеп қалған жеріде өліп қалуы да мүмкін. Бұл мамандық ерекшелігімен ғана емес, тіршілік иесіне пайдалы болуымен де ұнамды.

Қытайлықтар өз эмоциясын барынша жасыруға тырысқанмен, жергілікті дәстүрлерге құрметпен қарайды. Мәселен, жерлеу рәсімінде марқұмның туыстары қыламайды. Осы мақсатта арнайы «көз жасын сатушылар» жалданары. Олар табиғи түрде жылауды көрсетіп, өз ролін сомдайды. Қытайлық Джин Гуиухуан астам уақыт бойы жалданған «жылап» күнін көріп жүрген ол бір ғана жерлеу рәсімі үшін 20 доллар алатын көрінеді.

сураныстың көптігі осының дәлелі болса керек. Мұндай маман клиентке адамның жылы қушығы мен қолдауы қажет болған кезде көмекке келеді. Ең сорақысы «Құшақтаушыны» құшақтайтын жақыны болмауы мүмкін.

МЫҢ ТҮРЛІ МАМАНДЫҚ

«Көрлет жылытыушы» мамандығы алғаш Лондон мен Манчестер қонақүй желілерінде пайда болған. Ерекше мамандық иелері көмерге ұйықтауға келе жатқан қонақтың көмеругіне жатады да, төсекті алдын ала жылытып береді. Оның пайда болуына Эдинбург үйкі орталығының зерттеулері себеп болған деседі. Сарапшылардың айтуынша, суық төсек адамның жақсы ұйықтауына кедергі келтіреді, ал жылы жерде адам ұйқысын қандырып, толыққанды тынығады.

Үрген иттің «тілін» білуші, «дауысын» таныушы мамандар да суранысқа ие. Ерекше мамандық Швецияда үй жануарларына салынатын салықтың арқасында танымал. Яғни, мұнда иттің көшеде үруіне тыйым салынған. Ол үшін қожалықтары айыппұл да төлейді. Өрине, адамдар бұл үшін шығынданғысы келмейді. Сондықтан дәл осы тұста иттің дертқаттықтары қамқам келіске.

Айта кету керек, Швецияда «Үздік іт детективі» атағын Эльфрид Карлсон есімді жігіт алған. 20 түрлі тәсілмен үре алатын жігітке көшеде іттердің 95 проценті қарсы жауап беретін болған. Эльфрид жауап арқылы иттің жасы мен тұрмысын анықтайды және оның не үшін үргенін, не айтқысы келгенін түсіне алады.

Көпшілік үшін қоғамдық орындарда әжетхананы табу кейде нағыз азапқа айналды. Өсіресе, саяхат жасаушылар үшін басты күмбіндіктің бірі. Алайда Жапонияға барған шведтілікте бұл жағдайны күмбіндік тұндырмайды. Себебі ол елде әрбір «әжетхана нұқсаушысы» бар. Тіпті, олардың еңбек кітапшасында «әжетхана гиді» мамандығы деп көрсетіледі екен.

Ғажайып ертегінің үзіндісі секілді көрінуі мүмкін, бірақ АҚШ-тың Чикаго қаласынан арманыңызды ашаға ала аласыз. «Арман сатушы» мамандығымен жүзеге асатын, тіпектерді орындайтын компания Чикагода орналасқан. Оның қызметінің құны 150 000 доллардан басталады.

Дегенмен ешбір әлеуметтік желіде мұндай компания туралы әлі ресми ақпарат жоқ.

Ө.МӘДЕЛХАН



Жыл сайын суранысқа сай қызмет түрлері жаңадан түседі. Дегенмен жоғарыда аталған мамандықтардан адами қарым-қатынастың, қолдаудың көміп кеткенін байқаңыз. Ең қорқыныштысы, «махаббатты» сатып алатын күнге жақындап барамыз.

Зодиак жорамалы (13-20 қазан). Торап, Егіздер, Шаан, Арыстан, Бикеш, Тоқты, Таразы, Сарышаян, Мерген, Тәуешкі, Сұқұйыш, Балықтар. Each sign has a corresponding zodiac symbol and a short horoscope text.

АҚМЕШІТ жастары. Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ. ҚАБЫЛДАУ БӨЛМЕСІ: тел/факс: 40-11-10. БАС РЕДАКТОР Мелдір ҚАЛЫМБЕТ. Газет өр аптанын бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Индекс: 65425. Таралымы: 7399. Таспырыс: 1712.